

Аягөзде тарихи-өлкетану мұражайы ашылды

2011 жылы қыркүйек айында құрылысы басталған Аягөз аудандық мұражайы жақында пайдалануға берілді.



Облыстық бюджеттен 79,5 млн. теңге көлемінде қаражат жұмсалған бұл тарихи-өлкетану мұражайының салтанатты ашылу рәсіміне облыс Әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов, ақын Несіпбек Аитов, журналист-жазушы Сұлтан Оразалин мен айтыскер ақын Серікзат Дүйсенғазин қатысты.

– Мұражайдағы негізгі экспонаттардың жалпы саны 315 бірлікті құрайды, – деді аудан әкімі Нұрбол Нұрғалиев.
– Мұражай халқымыздың тарихи-мәдени мұраларын болашақ ұрпаққа жеткізеді. Аягөздің тарихы көне заманнан басталатыны көпке белгілі. Бұл мұражайда аудан тарихы, тәуелсіздік жолындағы ел бастаған тұлғалар, сөз бастаған шешендер, қол бастаған батырлар бейнесі, өнер мен мәдениет, спорт саңлақтары, соғыс және еңбек ардагерлері, ауданымыздың құрметті азаматтарының жеңісті де, жемісті жолдары жұрт назарына ұсынылатын болады.

Т.Тілеуберді